

«АЗАМАТТАРҒА
АРНАЛҒАН ҮКІМЕТ»
МЕМЛЕКЕТТІК
КОРПОРАЦИЯСЫ»
КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС
АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ



НЕКОММЕРЧЕСКОЕ
АКЦИОНЕРНОЕ
ОБЩЕСТВО
«ГОСУДАРСТВЕННАЯ
КОРПОРАЦИЯ
«ПРАВИТЕЛЬСТВО ДЛЯ
ГРАЖДАН»

Управление регистрации прав на недвижимое имущество и юридических лиц филиала некоммерческого акционерного общества «Государственная корпорация «Правительство для граждан» по городу Нур-Султан

Справка о государственной регистрации юридического лица

БИН050540001669

г. Нур-Султан

20.05.2005

Наименование: Акционерное общество "Казахстан ГИС Центр"

Местонахождение: Казахстан, город Нур-Султан, район Есиль, жилой массив Комсомольский, ул. Домалақ Ана, д. 11, н.п. 1

Руководитель: Руководитель, назначенный (избранный) уполномоченным органом юридического лица ДЮСЕНЕВ АБАЙ СИМБАЕВИЧ

Учредители (участники): Государственное учреждение "Департамент государственного имущества и приватизации города Нур-Султана Комитета государственного имущества и приватизации Министерства финансов Республики Казахстан"

Справка является документом, подтверждающим государственную регистрацию юридического лица, в соответствии с законодательством Республики Казахстан

Руководитель



«АЗАМАТТАРҒА АРНАЛҒАН
ҮКІМЕТ» МЕМЛЕКЕТТІК
КОРПОРАЦИЯСЫ»
КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС
АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ



НЕКОММЕРЧЕСКОЕ
АКЦИОНЕРНОЕ ОБЩЕСТВО
«ГОСУДАРСТВЕННАЯ
КОРПОРАЦИЯ
«ПРАВИТЕЛЬСТВО ДЛЯ
ГРАЖДАН»

**«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы»
коммерциялық емес акционерлік қоғамының Нұр-Сұлтан қаласы
бойынша филиалының Жылжымайтын мүлікке құқықтарды және
заңды тұлғаларды тіркеу басқармасы**

Заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы анықтама

БСН050540001669

Нұр-Сұлтан қ.

20.05.2005

Атауы: "Қазақстан ГАЖ орталығы" акционерлік қоғамы

Орналасқан жері: Қазақстан, Нұр-Сұлтан қаласы, Есіл ауданы,
Комсомольский тұрғын үй алабы, Домалақ Ана
көшесі, 11 ү., 1 т.е.б.

Басшы: Заңды тұлғаның уәкілетті органымен
тағайындалған(таңдалған) басқарушы
ДЮСЕНЕВ АБАЙ СИМБАЕВИЧ

**Құрылтайшылар
(қатысушылар):** "Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі
Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру
комитетінің Нұр-Сұлтан қаласы мемлекеттік
мүлік және жекешелендіру департаменті"
мемлекеттік мекемесі

**Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес анықтама заңды
тұлғаның мемлекеттік тіркеуден өткенін растайтын құжат болып
табылады**

**Тіркеу органының
басшысы:** Ахметжанов Д.

Берілген күні: 28.10.2020

«АЗАМАТТАРҒА АРНАЛҒАН ҮКІМЕТ» МЕМЛЕКЕТТІК
КОРПОРАЦИЯСЫ» КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК
ҚОҒАМЫНЫҢ НҮР-СҰЛТАН ҚАЛАСЫ БОИЫНША
ФИЛИАЛЫНЫҢ ЖЫЛЖЫМАЙТЫН МҮЛІККЕ ҚҰҚЫҚТАРДЫ
ЖӘНЕ ЗАҢДЫ ТҮЛҒАЛАРДЫ ТІРКЕУ БАСҚАРМАСЫ
ЗАҢДЫ ТҮЛҒАНЫ МЕМЛЕКЕТТІК ТІРКЕУ
20 01 ж. « 16 » 03 жүргізілді
БСН 050540001669
№ 3330P-1940-111

«АЗАМАТТАРҒА АРНАЛҒАН ҮКІМЕТ» МЕМЛЕКЕТТІК
КОРПОРАЦИЯСЫ» КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК
ҚОҒАМЫНЫҢ НҮР-СҰЛТАН ҚАЛАСЫ БОИЫНША
ФИЛИАЛЫНЫҢ ЖЫЛЖЫМАЙТЫН МҮЛІККЕ ҚҰҚЫҚТАРДЫ
ЖӘНЕ ЗАҢДЫ ТҮЛҒАЛАРДЫ ТІРКЕУ БАСҚАРМАСЫ
ЕНГІЗІЛГЕН ӨЗГЕРІСТЕР МЕН
ТОЛЫҚТЫРУЛАР
20 10 ж. « 18 » 10
БСН 050540001669
№ 7322-1901-140-10
Бастапқы тіркелген күні
20 01 ж. « 16 » 03

Қазақстан Республикасы
Қорғаныс министрінің
2020 жылғы «16» 03 айындағы
№ 3330P-1940-111 бұйрығына
қосымша



Қазақстан Республикасы
Қорғаныс министрінің
2010 жылғы «1» наурыздағы
№ 76 бұйрығымен
БЕКІТІЛГЕН



«Қазақстан ГАЗ орталығы» АҚ
Директорлар кеңесінің
2020 жылғы «30» шілдедегі
шешімімен ҚАРАЛҒАН
№ 3 хаттама

«ҚАЗАҚСТАН ГАЗ ОРТАЛЫҒЫ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫНЫҢ
ЖАРҒЫСЫ

1-тарау. Жалпы ережелер

1.1. Осы «Қазақстан ГАЖ орталығы» акционерлік қоғамының (бұдан әрі – қоғам) жарғысы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әзірленді және оның атауын, орналасқан жерін, оның органдарын құру тәртібі мен құзыретін, оны қайта ұйымдастыру және қызметін тоқтату шарттарын және Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін басқа да ережелерді айқындайды.

1.2. Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес заңды тұлға болып табылады, дербес балансы, банктік шоттары бар, ол өз атынан мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтарды сатып алуы және жүзеге асыруы, міндеттер атқаруы, сотта талап қоюшы және жауапкер болуы мүмкін.

1.3. Қоғамның үлгілерін қоғамның атқарушы органы бекітетін және белгіленген тәртіппен тіркелетін мемлекеттік және орыс тілдерінде толық фирмалық атауы көрсетілген мөрі, фирмалық бланкілері, тауарлық белгісі мен рәміздері, сондай-ақ қызметті жүзеге асыру үшін қажетті дараландырудың өзге де құралдары болады.

1.4. Қоғам өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Азаматтық кодексті, «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңын (бұдан әрі – Заң), Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерін, осы жарғыны, сондай-ақ Корпоративтік басқару кодексін басшылыққа алады.

1.5. Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген тәртіппен Директорлар кеңесінің шешімі бойынша қоғам өзі орналасқан жерден тыс орналасқан, заңды тұлға болып табылмайтын және олар туралы бекітілген ережелер негізінде қоғам атынан және оның тапсырмасы бойынша әрекет ететін филиалдар (өкілдіктер) құруға, оларға өз мүлкі есебінен негізгі және айналымдағы қаражатты беруге және олардың қызметінің тәртібін айқындауға құқылы. Филиалдың немесе өкілдіктің мүлкі қоғамның балансында есепте тұр. Филиал қоғамның орналасқан жерінен тыс орналасқан және оның функцияларының барлығын немесе бір бөлігін, оның ішінде өкілдік функцияларын жүзеге асыратын оқшауланған бөлімшесі болып табылады. Өкілдік қоғамның орналасқан жерінен тыс орналасқан және қоғамның мүдделерін қорғауды және білдіруді жүзеге асыратын, оның атынан мәмілелер және өзге де құқықтық әрекеттер жасайтын оқшауланған бөлімшесі болып табылады. Филиалдар мен өкілдіктер заңды тұлғалар болып табылмайды және қоғамның филиалдары мен өкілдіктері туралы бекітілген ережелер негізінде әрекет етеді.

1.6. Филиалдар мен өкілдіктердің қызметіне басшылық жасауды қоғам тағайындайтын адамдар жүзеге асырады. Филиал басшылары мен өкілдік басшысы қоғамнан алынған бас сенімхаттар негізінде әрекет етеді.

2-тарау. Қоғамның атқарушы органының атауы және орналасқан жері

2.1. Қоғамның толық атауы:

- 1) мемлекеттік тілде: «Қазақстан ГАЖ орталығы» акционерлік қоғамы;
- 2) орыс тілінде: Акционерное общество «Казахстан ГИС Центр».

2.2. Қысқартылған атауы:

- 1) мемлекеттік тілде: «Қазақстан ГАЖ орталығы» АҚ;
- 2) орыс тілінде: АО «Казахстан ГИС Центр».

2.3. Қоғамның атқарушы органының орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 010000, Нұр-Сұлтан қаласы, Есіл ауданы, Комсомольский т.а., Домалақ ана көшесі, 11-үй, 1-елді мекен.

2.4. Қоғам орта кәсіпкерлік субъектісі болып табылады.

3-тарау. Қоғамның құрылтайшысы

3.1. Қоғам Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті атынан құрылтайшысы Қазақстан Республикасының Үкіметі болып табылатын акционерлік қоғам болып табылады.

3.2. «Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің «Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерін геоақпараттық қамтамасыз ету орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнын қайта ұйымдастыру туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 30.09. № 1003 қаулысына сәйкес республикалық меншіктегі қоғам акцияларының мемлекеттік пакетін иелену және пайдалану құқықтарын мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті орган Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігіне берді. Мемлекет меншігіндегі қоғам акцияларының мемлекеттік пакетіне билік ету құқығы мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органға тиесілі.

3.3. Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі қоғам акцияларының мемлекеттік пакетін иелену және пайдалану құқықтарын жүзеге асыра отырып, қоғамның жалғыз акционері болып табылады және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес акционерлердің жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша акционер ретінде мемлекеттің мүдделерін білдіреді.

4-тарау. Қоғам қызметінің мақсаттары мен негізгі түрлері

4.1. Қоғам қызметінің негізгі мақсаты осы жарғыда көзделген қызметті жүзеге асыру нәтижесінде кіріс алу болып табылады.

4.2. Қоғам мынадай негізгі қызмет түрлерін жүзеге асырады:

- 1) цифрлық картография және топографиялық-геодезиялық деректер негізінде геоақпараттық жүйелерді құру және оларға қызмет көрсету және оларды іске асыру;

2) әскери мақсаттағы автоматтандырылған басқару жүйелерін құру және оларға қызмет көрсету;

3) геоақпараттық жүйелерді дамытудың мемлекеттік және өзге де бағдарламаларын әзірлеуге және орындауға қатысу;

4) меншікті жылжымайтын мүлікті жалдау және басқару;

5) қорғаныс және ұлттық қауіпсіздік саласындағы зерттеулер мен эксперименттік әзірлемелер;

6) Қазақстан Республикасының бейінді мемлекеттік органдары мен ТМД елдері әлеуетті құрылымдарының әскери мақсаттағы және ақпарат қауіпсіздігін басқарудың автоматтандырылған жүйелері кешендерін пайдаланушыларды оқыту және олардың біліктілігін арттыру жөніндегі курстарды өткізу жөніндегі қызмет;

7) Қорғаныс министрлігінің, ҚР ҰҚК Шекара қызметінің, ҚР ИИМ, ТЖМ мұқтажы үшін ғана топографиялық карталарды басып шығаруға арналған цифрлық картография, баспа және полиграфиялық қызмет.

4.3. Егер жекелеген қызмет түрлерін жүзеге асыру және жекелеген іс-қимылдар түрлерін жасау үшін лицензияның (рұқсаттың) болуы талап етілсе, онда осы қызмет түрлері мен іс-қимылдар тиісті лицензиялар (рұқсаттар) болған кезде ғана жүзеге асырылуы мүмкін.

5-тарау. Қоғамның құқықтары мен міндеттері

5.1. Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген барлық құқықтарды пайдаланады.

5.2. Қоғамның оқшауланған мүлкі болады, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес өндіріп алынуы мүмкін өзіне тиесілі мүлік шегінде өз міндеттемелері бойынша жауапты болады.

5.3. Қоғам өзінің жалғыз акционерінің міндеттемелері бойынша жауапты болмайды. Қоғамның жалғыз акционері қоғамның міндеттемелері бойынша жауап бермейді және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларды қоспағанда, өзіне тиесілі акциялардың құны шегінде қоғамның қызметіне байланысты шығындар тәуекелін көтереді.

5.4. Қоғам мемлекеттің міндеттемелері бойынша жауап бермейді, сол сияқты мемлекет оның міндеттемелері бойынша жауап бермейді.

5.5. Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес:

1) өз атынан мәмілелер (шарттар, келісімшарттар) жасауға, мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтар мен міндеттерді сатып алуға, сотта талапкер және жауапкер болуға;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сенімхаттар беруге;

3) қорғау құжаттарын, технологияларды, «ноу-хауды» және басқа да зияткерлік меншік объектілерін иеленуге және пайдалануға құқық алуға және беруге;

4) кредиттер, облигациялық қарыздар алуға, сондай-ақ қоғамның жалғыз акционерінің келісімімен Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалатын шарттарда бағалы қағаздар шығаруға құқылы;

5) Қазақстан Республикасының аумағында және шетелде барлық меншік нысанындағы ұйымдармен ерікті негізде бірлестіктерге кіруге, Қазақстан Республикасының аумағында және шетелде ұйымдардың қатысушысы болуға;

6) белгіленген тәртіппен жерді, ғимараттарды, құрылыстар мен жабдықтарды қоса алғанда, жылжымалы немесе жылжымайтын мүліктің барлық түрлерін меншікте ұстауға, жалға беруге және жалға алуға, жөндеуге, жобалауға, салуға, жабдықтауға, қайта жабдықтауға, сатуға, кепілге беруге, қайта беруге немесе өзге де жолмен билік етуге;

7) салық есептілігі, мүлікті бағалау және кірістер мен шығыстарды есепке алу максаттары үшін бухгалтерлік есептің жалпыға бірдей қабылданған қағидаттарына сәйкес бухгалтерлік есеп пен есептіліктің талап етілетін және қажетті құжаттамасын жүргізуге;

8) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шетел валютасын сатып алуға;

9) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасының аумағында және/немесе шетелде орналасқан банктерде шоттардың барлық түрлерін ашуға және жүргізуге;

10) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қарыз және кредит түрінде қаражат тартуға, алуға және пайдалануға;

11) қоғам алдына қойылған міндеттерді жүзеге асыруға бағытталған бағдарламаларды қаржыландыру схемаларын әзірлеуге және іске асыруға;

12) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларда кепілдер, кепілдіктер және басқа да қаржылық міндеттемелерді қабылдауға және ұсынуға;

13) қоғам қызметінің түрлерін жүзеге асыру үшін қажетті заңды тұлғалардың акцияларын, үлестерін немесе мүлкіндегі өзге де құқықтарды сатып алуға, меншігінде болуға, жалға алуға, сондай-ақ сатуға немесе өзгеше билік етуге;

14) жарғының осы тармағында көзделген құқықтарды өз атынан немесе қоғам атынан әрекет ететін үшінші тұлғалармен шарттар жасау жолымен жүзеге асыруға;

15) акционерлік қоғамдар нысанындағы заңды тұлғалар үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген барлық өзге де құқықтарды иеленуге құқылы.

6-тарау. Қоғамның жалғыз акционерінің құқықтары мен міндеттері

6.1. Жалғыз акционер:

1) «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңында (бұдан әрі – Заң), «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының Заңында және осы жарғыда көзделген тәртіппен қоғамды басқаруға қатысуға;

- 2) осы жарғыда айқындалған тәртіппен дивидендтер алуға;
- 3) қоғамның қызметі туралы ақпарат алуға, оның ішінде осы жарғыда айқындалған тәртіппен қоғамның қаржылық есептілігімен танысуға;
- 4) қоғамның тіркеушісінен немесе номиналды ұстаушыдан оның бағалы қағаздарға меншік құқығын растайтын үзінділер алуға;
- 5) қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлауға;
- 6) қоғамның органдары қабылдаған шешімдерді сот тәртібімен даулауға;
- 7) қоғамға оның қызметі туралы жазбаша сұрау салумен жүгінуге және қоғамға сұрау салу келіп түскен күннен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде дәлелді жауап алуға құқылы;
- 8) қоғам таратылған кезде мүліктің бір бөлігіне;
- 9) қоғамның акцияларын немесе оның акцияларына айырбасталатын басқа да бағалы қағаздарын Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен басымдықпен сатып алуға;
- 10) қоғамның Директорлар кеңесінің отырыстарын шақыруды талап етуге;
- 11) аудиторлық ұйымның қоғам қаражаты есебінен қоғам аудитін жүргізуді талап етуге;
- 12) Заңда көзделген жағдайлар басталған кезде қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтер төлемеу туралы шешім қабылдауға;
- 13) заңда көзделген жағдайларда, қоғамның лауазымды адамдарының қоғамға келтірген залалдарын қоғамға өтеу және қоғамның лауазымды адамдарының және (немесе) олардың үлестес тұлғаларының ірі мәмілелер және (немесе) жасалуына мүдделілігі бар мәмілелер жасау (жасауға ұсыныс) туралы шешімдер қабылдау нәтижесінде алған пайдасын (кірісін) қоғамға қайтаруы туралы талаппен сот органдарына өз атынан жүгінуге;
- 14) Директорлар кеңесіне Заңға сәйкес күн тәртібіне қосымша мәселелерді енгізуді ұсынуға құқылы;
- 15) қоғамның жалғыз акционері Қазақстан Республикасының заңнамасына және осы жарғыға сәйкес басқа құқықтарды пайдалана алады.

6.2. Жалғыз акционер:

- 1) акцияларды Заңда көзделген тәртіппен төлеуге;
- 2) қоғам немесе оның қызметі туралы қызметтік, коммерциялық немесе Қазақстан Республикасының заңнамасымен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын ақпаратты жария етпеуге;
- 3) он күн ішінде қоғамның тіркеушісіне және жалғыз акционерге тиесілі акцияларды нақты ұстаушыға қоғамның акцияларын ұстаушылар тізілімдерінің жүйесін жүргізу үшін қажетті мәліметтердің өзгергені туралы хабарлауға;
- 4) қоғамға өзіне тиесілі акцияларды сату жөнінде мәміле жасау ниеті туралы хабарлауға міндетті.

6.3. Қоғам мен қоғамның тіркеушісі жалғыз акционердің осы жарғының 5.2-тармағында белгіленген міндеттерді орындамауының салдары үшін жауап бермейді.

7-тарау. Қоғамның жарғылық капиталы

7.1. Қоғамның жарғылық капиталы құрылтайшылардың акцияларды олардың атаулы құны бойынша және инвесторлардың Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңдарында белгіленген талаптарға сәйкес айқындалатын орналастыру бағалары бойынша төлеу арқылы қалыптастырылады және Қазақстан Республикасының ұлттық валютасымен көрсетіледі.

7.2. Қоғам қоғамның жалғыз акционерінің шешімі бойынша жарғылық капиталды ұлғайтуға құқылы. Қоғамның жарғылық капиталын ұлғайту Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген тәртіппен қоғамның жарияланған акцияларын орналастыру арқылы жүзеге асырылады.

8-тарау. Қоғамның мүлкі

8.1. Қоғамның мүлкі мыналардың есебінен құралады:

- 1) қоғамның акцияларын төлеуге акционерлер берген мүлік;
- 2) оның қызметі нәтижесінде алынған табыстар;
- 3) Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған негіздер бойынша сатып алынатын өзге де мүлік.

9-тарау. Қоғамның бағалы қағаздары

9.1. Қоғам жай акцияларды құжатсыз нысанда ғана шығарады.

9.2. Жай акцияның қозғалысы қоғамның тіркеушісі жүргізетін бағалы қағаздарды ұстаушылардың тізілімінде тіркеледі. Оған акцияларды сатып алу уақыты, жалғыз акционерден акциялардың саны туралы мәліметтер, сондай-ақ Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген өзге де мәліметтер енгізіледі.

9.3. Қоғам сатып алған өз акциялары туралы мәліметтер бағалы қағаздарды ұстаушылардың тізіліміне міндетті түрде енгізілуге тиіс.

9.4. Компанияның өзінің шаруашылық қызметіне байланысты шығындарды жабу үшін акциялар шығаруға құқығы жоқ.

9.5. Жалғыз акционердің қол қойылған және толық төленген акцияларға құқығын растайтын құжаттар ретінде акцияларды ұстаушылардың тізілімінен үзінділер қызмет етеді.

9.6. Акциялар мен облигацияларды шығарудың, қозғалысының және есепке алудың заңнамамен реттелмеген басқа мәселелерін қоғамның жалғыз акционері Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес оларды шығару туралы шешім қабылдаған кезде айқындайды.

10-тарау. Таза табысты бөлу тәртібі. Акциялар бойынша дивидендтер

10.1. Қоғамның таза табысы (салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер төленгеннен кейін) қоғамның иелігінде қалады және қоғамның жалғыз акционерінің шешімімен айқындалатын тәртіппен, оның ішінде дивидендтер төлеуге бөлінеді. Қалған бөлігі қоғамды дамытуға немесе қоғамның жалғыз акционерінің шешімінде көзделген өзге де мақсаттарға бағытталады.

Қоғамның жалғыз акционері мынадай жағдайлар туындаған кезде жыл қорытындысы бойынша қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтер төлемеу туралы шешім қабылдауға құқылы:

1) меншікті капиталдың теріс мөлшері кезінде немесе егер қоғамның меншікті капиталының мөлшері оның акциялары бойынша дивидендтер есептеу нәтижесінде теріс болса;

2) егер қоғам Қазақстан Республикасының банкроттық туралы заңнамасына сәйкес төлем қабілетсіздігі немесе дәрменсіздік белгілеріне сәйкес келсе не аталған белгілер қоғамда оның акциялары бойынша дивидендтер есептеу нәтижесінде пайда болса, қоғам банкрот деп танылады.

10.2. Қоғамның жалғыз акционеріне дивидендтер жыл сайын төленеді. Жыл қорытындысы бойынша дивидендтер төлеу туралы шешімді қоғамның жалғыз акционері қабылдайды. Дивидендтер дивидендтерді есептеу туралы шешім қабылданған кезде қоғамның жалғыз акционері белгілеген мерзімде төленеді.

10.3. Дивидендтерді төлеу қоғамның жалғыз акционері дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдаған жағдайда ақшамен жүргізіледі. Қоғамның жалғыз акционерінің жыл қорытындысы бойынша жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешімінде бір жай акцияға дивиденд мөлшері көрсетіледі. Дивидендтер төленген акцияларға ғана есептеледі.

11-тарау. Қоғамның есебі мен есептілігі

11.1. Бухгалтерлік есепті жүргізу және қаржылық есептілікті жасау Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасына және қоғамның халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес жасалған есеп саясатына сәйкес жүзеге асырылады.

11.2. Қоғамның қаржылық есептілігі қоғамның бухгалтерлік балансын, капиталдағы барлық өзгерістерді көрсететін есепті, ақша қаражатының қозғалысы туралы есепті, пайда мен залал туралы есепті және Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасына сәйкес өзге де есептілікті қамтиды. Қоғамның қаржылық есептілігі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен ұсынылады.

11.3. Қоғам жылдық қаржылық есептілікті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мерзімде бұқаралық ақпарат құралдарында жариялайды.

11.4. Қоғам басқармасы жыл сайын жалғыз акционерге аудит Қазақстан Республикасының аудиторлық қызмет туралы заңнамасына сәйкес жүргізілген өткен жыл үшін жылдық қаржылық есептілікті талқылау және бекіту үшін ұсынады.

Қоғамның жылдық қаржылық есептілігі оны қоғамның жалғыз акционерінің қарауына шығару күніне дейін 30 (отыз) күннен кешіктірмей қоғамның Директорлар кеңесінің алдын ала бекітуіне жатады. Жылдық қаржылық есептілікті түпкілікті бекітуді қоғамның жалғыз акционері жүргізеді. Қоғамның басқармасы қаржылық есептіліктен басқа қоғамның жалғыз акционеріне аудиторлық ұйымның ұсынымдарын (басшылыққа хат) қоса алғанда, аудиторлық есепті ұсынады.

11.5. Қоғамның қаржы жылы күнтізбелік жылмен сәйкес келеді (1 қаңтардан 31 желтоқсанға дейін).

11.6. Қоғам жылдық қаржылық есептілікке аудит жүргізуге міндетті.

12-тарау. Қоғамның органдары

12.1. Қоғамның органдары мыналар болып табылады:

- 1) жоғары орган – жалғыз акционер;
- 2) басқару органы – Директорлар кеңесі;
- 3) атқарушы органы – басқарма;
- 4) бақылау органы – ішкі аудит қызметі.

13-тарау. Жалғыз акционер

13.1. Жалғыз акционердің айрықша құзыретіне мынадай мәселелер жатады:

- 1) қоғамның жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу немесе оны жаңа редакцияда бекіту;
- 2) қоғамды ерікті түрде қайта ұйымдастыру немесе тарату;
- 3) қоғамның жарияланған акцияларының санын ұлғайту немесе қоғамның орналастырылмаған жарияланған акцияларының түрін өзгерту туралы шешім қабылдау;
- 4) қоғамның Директорлар кеңесінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін айқындау, оның мүшелері мен төрағасын сайлау және өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелеріне сыйақы төлеу мөлшері мен шарттарын айқындау, сондай-ақ Директорлар кеңесі туралы ережені бекіту;
- 5) қоғамның аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымды анықтау;
- 6) қоғамның жылдық қаржылық есептілігін бекіту;
- 7) қоғамның есепті қаржы жылындағы таза табысын бөлу тәртібін бекіту, жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау және қоғамның 1 (бір) жай акциясына шаққандағы дивидендтер мөлшерін бекіту;

- 8) қоғамға тиесілі барлық активтердің жиырма бес және одан да көп процентін құрайтын сомада активтердің бір бөлігін немесе бірнеше бөлігін беру (алу) арқылы қоғамның өзге заңды тұлғаларды құруға немесе олардың қызметіне қатысуы не өзге заңды тұлғалардың қатысушылары құрамынан шығуы туралы шешім қабылдау;
- 9) Заңға сәйкес қоғам акцияларды сатып алған кезде олардың құнын айқындау әдістемесін (әдістемеге өзгерістерді) бекіту;
- 10) корпоративтік басқару кодексін, сондай-ақ оған өзгерістер мен толықтыруларды бекіту;
- 11) қоғамның жалғыз акционеріне қоғамның қызметі туралы ақпарат беру тәртібін айқындау;
- 12) қоғамның бағалы қағаздарын айырбастау шарттары мен тәртібін айқындау, сондай-ақ оларды өзгерту;
- 13) қоғамның жарияланған акцияларының санын ұлғайту немесе қоғамның орналастырылмаған жарияланған акцияларының түрін өзгерту туралы шешім қабылдау;
- 14) қоғамның бағалы қағаздарын айырбастау шарттары мен тәртібін айқындау, сондай-ақ оларды өзгерту;
- 15) қоғамның жай акцияларына айырбасталатын бағалы қағаздарды шығару туралы шешім қабылдау;
- 16) орналастырылған акциялардың бір түрін акциялардың басқа түріне айырбастау туралы шешім қабылдау, осындай айырбастаудың шарттары мен тәртібін айқындау;
- 17) есеп комиссиясының сандық құрамын және өкілеттік мерзімін айқындау, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату;
- 18) қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтер төлемеу туралы шешім қабылдау;
- 19) қоғам акцияларының ерікті делистингі туралы шешім қабылдау;
- 20) «алтын акцияны» енгізу және жою;
- 21) нәтижесінде қоғам активтерінің баланстық құнының жалпы мөлшерінің елу және одан да көп проценті сатып алынатын немесе иеліктен шығарылатын (сатып алынуы немесе иеліктен шығарылуы мүмкін) мәміле туралы шешім қабылданған күнге құны қоғам активтерінің баланстық құнының жалпы мөлшерінің елу және одан да көп процентін құрайтын мүлікті қоғам сатып алатын немесе иеліктен шығаратын (сатып алуы немесе иеліктен шығаруы мүмкін) қоғамның ірі мәміле (бірнеше мәміле) жасауы туралы шешім қабылдау;
- 22) атқарушы орган басшысын (басқарма төрағасын) тағайындау, оның өкілеттік мерзімін айқындау, сондай-ақ оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату;
- 23) жалғыз акционердің күн тәртібін бекіту;
- 24) дивидендтік саясат туралы ережені бекіту;
- 25) қоғамның Директорлар кеңесі туралы ережені бекіту;

26) шешімдер қабылдау заңмен және осы жарғымен қоғамның жалғыз акционерінің айрықша құзыретіне жатқызылған өзге де мәселелер.

Қоғамның жарғысына өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу немесе оны жаңа редакцияда бекіту, жарғылық капиталдың мөлшерін өзгерту, жылдық қаржылық есептілікті бекіту және қоғамның есепті қаржы жылындағы таза табысын бөлу, қоғамға тиесілі барлық активтердің жиырма бес және одан да көп процентін құрайтын сомада активтердің бір бөлігін немесе бірнеше бөлігін беру жолымен қоғамның өзге заңды тұлғаларды құруға немесе олардың қызметіне қатысуы туралы шешім қабылдау, қоғамның Директорлар кеңесінің, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ Директорлар кеңесінің мүшелеріне сыйақы төлеу мөлшері мен шарттарын айқындау, «алтын акцияны» енгізу және жою, қоғамның ішкі қызметіне қатысты мәселелер бойынша Директорлар кеңесі қабылдаған шешімдердің күшін жою мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органмен келісім бойынша қабылданады.

13.2. Жалғыз акционердің қарауына мәселелерді шығаруға Директорлар кеңесі бастамашылық етеді.

13.3. Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларды қоспағанда, мәселелерді жалғыз акционердің қарауына шығару жөніндегі шығыстарды қоғам көтереді.

13.4. Жалғыз акционердің қарауына шығарылатын мәселелер бойынша материалдар осы мәселелер бойынша негізделген шешімдер қабылдау үшін қажетті көлемде ақпаратты қамтуға тиіс.

13.5. Қоғам органдарын сайлау мәселелері жөніндегі материалдарда ұсынылған кандидаттар туралы мынадай ақпарат болуға тиіс:

- 1) тегі, аты, сондай-ақ қалауы бойынша – әкесінің аты;
- 2) білімі туралы мәліметтер;
- 3) қоғамға үлестестігі туралы мәліметтер;
- 4) соңғы үш жылдағы жұмыс орындары мен атқаратын лауазымдары туралы мәліметтер;
- 5) кандидаттардың біліктілігін, жұмыс тәжірибесін растайтын өзге де ақпаратты қамтиды.

13.6. Жалғыз акционердің қарауына шығарылатын акционерлердің жылдық жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша материалдар мыналарды қамтуға тиіс:

- 1) қоғамның өткен қаржы жылындағы жылдық қаржылық есептілігі;
- 2) өткен қаржы жылындағы жылдық қаржылық есептілікке аудиторлық есеп;
- 3) Директорлар кеңесінің өткен қаржы жылындағы қоғамның таза кірісін бөлу тәртібі және жалпы қоғамның бір жай акциясына шаққандағы бір жылғы дивиденд мөлшері туралы ұсыныстары;
- 4) өткен жылдың қорытындылары бойынша Директорлар кеңесінің есебі;
- 5) бастамашының қалауы бойынша өзге де құжаттар.

13.7. Қоғамның жалғыз акционерінің барлық шешімдерінің көшірмелері шешімдер кітабына тігіледі, ол қоғамның орналасқан жері бойынша қоғам басқармасында сақталады.

13.8. Егер заңда және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық актілерінде өзгеше көзделмесе, шешімдер қабылдау қоғамның жалғыз акционерінің айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді қоғамның басқа органдарының, лауазымды адамдары мен қызметкерлерінің құзыретіне беруге жол берілмейді.

13.9. Жалғыз акционер қоғамның ішкі қызметіне қатысты мәселелер бойынша қоғамның өзге органдарының кез келген шешімін жоюға құқылы.

14-тарау. Қоғамның Директорлар кеңесі

14.1. Заңмен және осы жарғымен қоғамның жалғыз акционерінің айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді шешуді қоспағанда, қоғамның қызметіне жалпы басшылықты Директорлар кеңесі туралы ереженің негізінде әрекет ететін қоғамның Директорлар кеңесі жүзеге асырады.

14.2. Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелері, Қазақстан Республикасының заңнамасында тікелей көзделген жағдайларды қоспағанда, қоғамның жалғыз акционерінің шешімімен сайланады және қайта сайланады. Директорлар кеңесі мүшелерінің өкілеттік мерзімі қоғамның жалғыз акционерінің шешімімен белгіленеді.

Егер Қазақстан Республикасының заңнамасында және/немесе осы жарғыда өзгеше көзделмесе, Директорлар кеңесінің құрамына сайланған адамдар шектеусіз рет қайта сайлана алады.

Жалғыз акционер Директорлар кеңесінің барлық немесе жекелеген мүшелерінің өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтатуға құқылы.

Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттігін оның бастамасы бойынша мерзімінен бұрын тоқтату Директорлар кеңесінің жазбаша хабарламасы негізінде жүзеге асырылады. Директорлар кеңесінің мұндай мүшесінің өкілеттігі Директорлар кеңесі көрсетілген хабарламаны алған кезден бастап тоқтатылады.

14.3. Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшесі лауазымына мынадай адамдар сайланбайды:

1) заңда белгіленген тәртіппен өтелмеген немесе алынбаған соттылығы бар;

2) бұрын белгіленген тәртіппен банкрот деп танылған басқа заңды тұлғаны мәжбүрлеп тарату немесе акцияларды мәжбүрлеп сатып алу немесе консервациялау туралы шешім қабылданғанға дейін бір жылдан аспайтын кезеңде басқа заңды тұлғаның Директорлар кеңесінің төрағасы, бірінші басшысы (басқарма төрағасы), басшының орынбасары, бас бухгалтері болған жағдайларда тоқтатылады. Көрсетілген талап белгіленген тәртіппен банкрот деп танылған басқа заңды тұлғаны мәжбүрлеп тарату немесе акцияларын

мәжбүрлеп сатып алу немесе консервациялау туралы шешім қабылданған күннен кейін бес жыл бойы қолданылады.

14.4. Директорлар кеңесі мүшелерінің саны кемінде үш адам. Қоғамның Директорлар кеңесі құрамының кемінде отыз проценті тәуелсіз директорлар болуға тиіс.

Қоғамның Директорлар кеңесі, егер оның жұмысына оның мүшелерінің кемінде жартысы (тәуелсіз директордың міндетті қатысуымен) қатысса, шешім қабылдауға құқылы. Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімі қатысушылардың көпшілік дауысымен қабылданады, бұл ретте Директорлар кеңесінің отырысына қатыспаған мүшелерінің дауыс беруге шығарылатын, Директорлар кеңесінің қатыспаған мүшесі алдын ала танысқан мәселеге қатысты жазбаша ерік білдіруі (жазбаша пікір немесе шешімнің жобасы немесе сырттай дауыс беру бюллетені) болған жағдайда, мұндай дауыс та ескеріледі. Қоғамның Директорлар кеңесі шешім қабылдаған кезде дауыстар тең болған жағдайда, қоғамның Директорлар кеңесі төрағасының дауысы шешуші болып табылады.

14.5. Қоғамның Директорлар кеңесінің төрағасы қоғамның Директорлар кеңесінің жұмысын ұйымдастырады, қоғамның Директорлар кеңесінің отырыстарын шақырады және оларға төрағалық етеді.

Қоғамның Директорлар кеңесінің төрағасы болмаған жағдайда, оның функцияларын қоғамның Директорлар кеңесінің шешімі бойынша қоғамның Директорлар кеңесі мүшелерінің бірі жүзеге асырады.

14.6. Қоғамның Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне мыналар жатады:

1) қоғам қызметінің басым бағыттарын айқындау, қоғамның даму жоспарын, сондай-ақ оның орындалу есебін бекіту;

2) Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде көзделген жағдайларда және тәртіпте, қоғамның даму жоспарының нақтылануын бекіту;

3) жарияланған акциялар саны шегінде орналастыру (өткізу) туралы, оның ішінде орналастырылатын (сатылатын) акциялардың саны, оларды орналастыру (өткізу) тәсілі мен бағасы туралы шешім қабылдау;

4) қоғамның орналастырылған акцияларды немесе басқа да бағалы қағаздарды сатып алуы және оларды сатып алу бағасы туралы шешім қабылдау;

5) қоғамның жылдық қаржылық есептілігін алдын ала бекіту;

6) жалғыз акционерге қоғамның өткен қаржы жылындағы таза табысын бөлу тәртібі және Қоғамның жыл қорытындысы бойынша төлейтін 1 (бір) жай акциясына есептегендегі дивидендтердің мөлшері туралы ұсынымдар беру;

7) қоғамның штат саны мен ұйымдық құрылымын бекіту;

8) басқарма туралы ережені бекіту;

9) басқарманың сандық құрамын, өкілеттік мерзімін анықтау, басқарма мүшелерін (басқарма төрағасынан басқа) сайлау және өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату;

10) қоғам басқармасының басшысы мен мүшелерінің лауазымдық жалақыларының мөлшерін және еңбекақы төлеу және сыйлықақы беру шарттарын айқындау;

11) ішкі аудит қызметінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін айқындау, оның басшысы мен мүшелерін тағайындау, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, ішкі аудит қызметінің жұмыс тәртібін, ішкі аудит қызметі қызметкерлерінің еңбегіне ақы төлеу және сыйлықақы беру мөлшері мен шарттарын айқындау, сондай-ақ ішкі аудит қызметі туралы ережені бекіту;

12) ішкі аудит қызметінің жылдық аудиторлық жоспарын бекіту, қоғамның ішкі бақылау жүйесінің тиімділігін бақылауды жүзеге асыру (оны бағалау) және жалғыз акционерге қоғамның қаржы-шаруашылық қызметіне жүргізілген тексерулердің нәтижелері туралы ақпарат беру;

13) қаржылық есептілік аудиті үшін аудиторлық ұйымның, сондай-ақ қоғамның акцияларын төлеуге берілген не ірі мәміленің мәні болып табылатын мүліктің нарықтық құнын бағалау жөніндегі бағалаушының қызметтеріне ақы төлеу мөлшерін айқындау;

14) қоғамның ішкі қызметін реттейтін құжаттарды (қоғам қызметін ұйымдастыру мақсатында қоғам басқармасы қабылдайтын құжаттарды қоспағанда), оның ішінде аукциондар өткізу және қоғамның бағалы қағаздарына жазылу шарттары мен тәртібін белгілейтін ішкі құжатты бекіту;

15) қоғамның филиалдары мен өкілдіктерін құру және жабу туралы шешімдер қабылдау және олар туралы ережелерді бекіту;

16) қоғамның басқа заңды тұлғалар акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) он және одан да көп процентін сатып алуы туралы шешім қабылдау, сондай-ақ олардың қызметі мәселелері бойынша шешімдер қабылдау;

17) корпоративтік хатшыны тағайындау, оның өкілеттік мерзімін айқындау, оның өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ корпоративтік хатшының лауазымдық айлықақысының мөлшерін және сыйақы шарттарын айқындау;

18) корпоративтік хатшы туралы ережені бекіту;

19) қоғамның міндеттемелерін оның меншікті капиталы мөлшерінің он және одан да көп процентін құрайтын шамаға ұлғайту;

20) қоғамның бұрынғы тіркеушісімен шарт бұзылған жағдайда қоғамның тіркеушісін таңдау;

21) қоғам немесе оның қызметі туралы қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын ақпаратты айқындау;

22) жасалуы туралы шешімді қоғамның жалғыз акционері қабылдайтын ірі мәмілелерді қоспағанда, ірі мәмілелерді және жасалуына қоғам мүдделі мәмілелерді жасау туралы шешім қабылдау;

23) Директорлар кеңесінің комитеттерін құру, олар туралы ережелерді бекіту, сондай-ақ комитеттердің мүшелерін сайлау;

24) қоғамның жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізуге, қоғам жарғысының жобасын жаңа редакцияда келісуге, одан әрі жалғыз акционерге бекітуге енгізуге байланысты мәселелерді қарау;

25) жалғыз акционер бекітетін қоғамның ішкі құжаттарын, оларға өзгерістер мен толықтыруларды қарау және оны жалғыз акционерге бекітуге енгізу;

26) қоғамның облигацияларын және туынды бағалы қағаздарын шығару шарттарын айқындау, сондай-ақ оларды шығару туралы шешімдер қабылдау;

27) жалғыз акционердің қарауына енгізілетін мәселелерді қалыптастыру;

28) акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) он және одан да көп проценті қоғамға тиесілі заңды тұлға акционерлерінің (қатысушыларының) жалпы жиналысының құзыретіне жататын қызмет мәселелері бойынша шешімдер қабылдау;

29) Директорлар кеңесінің алдағы жылға арналған жұмыс жоспарын бекіту;

30) әкімшілік шығыстарды мониторингтеу және бақылау;

31) қоғамның омбудсменін тағайындау;

32) Заңда және осы жарғыда көзделген, қоғамның жалғыз акционерінің және қоғамның атқарушы органының айрықша құзыретіне жатпайтын өзге де мәселелер.

14.7. Қоғамның Директорлар кеңесінің отырысын қоғамның Директорлар кеңесінің төрағасы не қоғамның Директорлар кеңесінің кез келген мүшесінің, қоғамның ішкі аудит қызметі мүшелерінің немесе аудитті жүзеге асыратын аудиторлық ұйымның, қоғам басқармасының, сондай-ақ қоғамның жалғыз акционерінің талап етуі бойынша шақырады.

14.8. Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімдері Директорлар кеңесінің қарауына шығарылған мәселелер бойынша сырттай дауыс беру жолымен қабылдануы мүмкін. Директорлар кеңесі өзінің жабық отырысын өткізу туралы шешім қабылдауға құқылы, оған Директорлар кеңесінің мүшелері ғана қатыса алады.

14.9. Анағұрлым маңызды мәселелерді қарау және Директорлар кеңесіне ұсынымдар дайындау үшін қоғамда Директорлар кеңесінің мынадай мәселелері жөніндегі комитеттері құрылады:

1) стратегиялық жоспарлау;

2) кадрлар мен сыйақылар;

3) ішкі аудит;

4) әлеуметтік мәселелер;

5) қоғамның ішкі құжатында көзделген өзге де мәселелер.

Директорлар кеңесінің жекелеген комитеті қарайтын ішкі аудит мәселелерін қоспағанда, жоғарыда аталған мәселелерді қарау Директорлар кеңесінің бір немесе бірнеше комитеттерінің құзыретіне жатқызылуы мүмкін.

14.10. Қоғамның Директорлар кеңесінің комитеттері қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелерінен және нақты комитетте жұмыс істеу үшін қажетті кәсіби білімі бар сарапшылардан тұрады.

Функцияларына осы жарғының 12.8-тармағының 1) – 4) тармақшаларында көзделген мәселелерді қарау кіретін Директорлар кеңесі комитеттерінің басшылары тәуелсіз директорлар болып табылады.

Атқарушы органның басшысы қоғамның Директорлар кеңесі комитетінің төрағасы бола алмайды.

Ішкі аудит мәселелері жөніндегі комитет Директорлар кеңесінің мүшелерінен ғана тұруға тиіс.

14.11. Қоғамның Директорлар кеңесінің комитеттерін құру және олардың жұмыс істеу тәртібі, сондай-ақ олардың сандық құрамы қоғамның Директорлар кеңесі бекітетін қоғамның ішкі құжатымен белгіленеді.

15-тарау. Қоғам басқармасы

15.1. Ағымдағы қызметті басқаруды атқарушы орган – басқарма жүзеге асырады, ол Заңмен, Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық актілерімен және қоғамның жарғысымен қоғамның жалғыз акционерінің және қоғамның Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне жатқызылмаған қоғам қызметінің кез келген мәселелері бойынша шешім қабылдауға құқылы. Қоғам басқармасы өзіне жүктелген функциялар мен міндеттердің орындалуы үшін қоғамның жоғары тұрған органдарының алдында жауапты болады.

Басқарма жалғыз акционердің және Директорлар кеңесінің шешімдерін орындауға міндетті.

15.2. Қоғам басқармасы қоғамның Директорлар кеңесі (қоғамның жалғыз акционерінің шешімімен сайланатын қоғам басқармасының төрағасынан басқа) ашық дауыс беру арқылы жай көпшілік дауыспен сайлайтын кемінде үш мүшеден тұрады және оны қоғам басқармасының төрағасы басқарады.

Қоғамның басқармасы қажеттілігіне қарай, бірақ айына кемінде бір рет шақырылады.

Қоғам басқармасының мүшелері лауазымына шексіз рет қайта сайлана алады. Басқарма мүшелерінің құқықтары мен міндеттері Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен, осы жарғымен, сондай-ақ олардың әрқайсысы қоғаммен жасалатын еңбек шартымен айқындалады. Қоғам атынан қоғам басқармасының төрағасымен еңбек шартына қоғамның Директорлар кеңесінің төрағасы немесе қоғамның жалғыз акционерінің шешімімен осыған уәкілеттік берілген тұлға қол қояды. Қоғам басқармасының қалған мүшелерімен жасалған еңбек шартына қоғам басқармасының төрағасы қол қояды. Қоғам басқармасының мүшелері өздеріне жүктелген міндеттерді адал орындауға және қоғам мен жалғыз акционердің мүдделерін барынша көрсететін тәсілдерді пайдалануға тиіс. Қоғам басқармасы қоғамның алдына қойылған міндеттерді жүзеге асыру үшін қаржылық және адами ресурстарды бөлуге, сондай-ақ ұсынылатын қаржылық ақпараттың толықтығы мен дұрыстығына жауапты болады. Қоғам басқармасының мүшелері зиянды алдын алу, қоғам басқармасының отырысын шақыруға бастамашылық ету, қоғам

басқармасының төрағасын немесе өзге де ұйымдарды хабардар ету жолымен қоғам қызметін оңтайландыру үшін қажетті шараларды қабылдауға міндетті.

15.3. Қоғам басқармасының отырысы, егер оған оның мүшелерінің кемінде жартысы катысса, жарамды деп есептеледі. Қоғамның Директорлар кеңесі айқындайтын ерекше жағдайларды қоспағанда, қоғам басқармасының отырыстары күндізгі нысанда өткізіледі, олар басталған кезде қоғам басқармасының отырыстары сырттай нысанда өткізілуі мүмкін. Қоғам басқармасының отырысында оның барлық катысқан мүшелері қол қоятын хаттамалар жүргізіледі. Қоғам басқармасының мүшелері қоғам басқармасы отырыстарының хаттамаларын жүргізу үшін қоғам қызметкерлерінің арасынан қоғам басқармасының хатшысын сайлай алады.

15.4. Қоғам басқармасының қарауына мәселелерді енгізу құқығы жалғыз акционерге, Директорлар кеңесінің, басқарманың және ішкі аудит қызметінің мүшелеріне, қоғамның құрылымдық бөлімшелерінің басшыларына, сондай-ақ қоғамның Директорлар кеңесінің шешімі бойынша құрылатын комитеттерге тиесілі.

15.5. Қоғам басқармасының шешімдері қоғам басқармасы мүшелері санының жай көпшілік дауысымен қабылданады. Басқарма мүшесінің дауыс беру құқығын өзге тұлғаға, оның ішінде қоғам басқармасының басқа мүшесіне беруіне жол берілмейді. Дауыстар тең болған жағдайда қоғам басқармасы төрағасының дауысы шешуші болып табылады. Қоғам басқармасы тоқсан сайын және жыл қорытындысы бойынша қоғамның Директорлар кеңесінің қарауына өз қызметі туралы есеп береді. Қоғам басқармасының мүшелері өздеріне жүктелген міндеттерді орындау сапасына қарай қоғамның Директорлар кеңесінің шешімі бойынша сыйлық берілуі мүмкін.

15.6. Қоғам басқармасының құзыретіне мыналар жатады:

- 1) қоғамның мақсаттарына қол жеткізуге бағытталған шешімдер қабылдау;
- 2) қоғам қызметкерлерінің лауазымдық міндеттерін анықтау;
- 3) қоғамның штат саны мен ұйымдық құрылымын әзірлеу және Директорлар кеңесіне бекітуге ұсыну;
- 4) қоғамның штаттық кестесін бекіту;
- 5) қоғамның барлық қызметкерлері орындауға міндетті шешімдер мен нұсқаулар қабылдау;
- 6) қоғамның даму жоспарын әзірлеуді қамтамасыз ету және Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген тәртіппен және мерзімде оның орындалуы туралы есеп дайындау;
- 7) Директорлар кеңесіне қоғамның қызметкерлеріне еңбекақы төлеу, сыйлықақы беру, әлеуметтік қолдау, кепілдіктер мен өтемақылар жүйесін белгілейтін қоғамның ішкі құжатын бекітуге ұсыну;
